

**«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«BILIM QAZUNA» КММ
МКҚК № 32 «ҚУАНЫШ» БАЛАБАҚШАСЫ**

«Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ

2026 жылғы

№ _____ бұйрығымен

БЕКІТІЛДІ



«Балақай Dance»

бағдарламасы

ортаңғы, ересек, мектепалды топтары



**Ақтөбе қаласы
2026 жыл**

Бағдарлама негізі: «Билеп үйренейік» Г.А.Абдрахманова, Т.Т.Сарыбаева
«Алматы кітап» 2017 ж.

Құрастырған: №32 «Қуаныш» балабақшасының музыка жетекшісі
Аетова Л.Т.

Пайдаланушы: Аетова Л.Т.

№32 «Қуаныш» балабақшасының педагогикалық кеңесінің № 1
отырысында «Балақай Dance» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № « 25 » « 08 » 2026 жыл

№32 «Қуаныш» балабақшасының меңгерушісі:  Р.А. Лекерова

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Балақай Dance»
бағдарламасы мақұлданды.

Хаттама № 2 « 31 » « 08 » 2026 жыл

Сараптау комиссиясы төрағасы:  М.О. Қосымбаева

Ақтөбе қаласы № 32 «Қуаныш» балабақшасы МКҚК Музыка жетекшісі,
хореограф Лидия Таганасовна Аетованың «Балақай Dance» атты
бағдарламасына

ПІКІР

Мектепке дейінгі жас адам өміріндегі өте жауапкершілікті кезеңдердің бірі, яғни осы жас шамалық кезеңде баланың денсаулығының негізі, ақыл ойы, психо-физикалық дамуы қаланып, оның жеке тұлғасы қалыптасады.

Дәлірек айтар болсақ, бала өсіп дамиды сонымен қатар әуенге сай ырғақты би қозғалыстарына деген қажеттіліктері ұлғаяды. Ал музыка әуеніне қозғалу бұл би. Ырғақты би - бала үшін қозғалыс арқылы өз - өздерін көрсетудің тәсілі болып табылады. Себебі, мектепке дейінгі жастағы баланың сөздік қоры бай емес, сондықтан да бала өз сезімін, эмоциясын ырғақты би арқылы бейнелеп, қоршаған ортаға жеткізеді. Ал қазіргі заманғы музыка әуені кең қозғалыстығымен көңілді динамикасымен балаларға жақын. Ол баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып, оның рухани бейнесін қалыптастырады.

Ырғақты би қимылы тек ептілік әдемілік, шығармашылық мүсін ғана емес, баланы жігерлендіреді. Мысал ретінде айтар болсақ баланың ішкі рухани жағдайы өзгеріп, мазасыздықты басып, қандағы кортизол деңгейін жақсартып, жалпақ табандылық, омыртқа қисаю ауыруларын алдын алады және олардың зияткерлік деңгейінің артуына, оның ойлау жылдамдығына ықпалын тигізе отыра есте сақтау қабілеттерін жақсартады.

Жалпы би, ритмикалық қимылдар балаларды эстетикалық құндылыққа тәрбиелейді, эмоционалдық көңіл-күйін жақсартады. Өздеріңіз білетіндей біздің кішкентай бүлдіршіндеріміздің мінез-құлықтары әр түрлі ашық, шапшаң, белсенді болса ал кейбіреулері ұялшақ, қорқақ, ұяң балалар да болады дәл осындай балалармен ырғақты би сабағында балалардың тұйық мінезін ашып, көңіл-күйлерін жақсартып, өз-өздеріне «МЕН» деген сенімдерін арттыруға болады. Қазақ халқы би өнері арқылы қайғы-мұңдары мен қуаныштарын би арқылы жеткізе білген. Әсем әуенді естігенде бойы елітіп би билегісі келмейтін жан болмас.

Музыка жетекшісі, хореограф Лидия Таганасовна Аетованың «Балақай Dance» атты бағдарламасын мектеп жасына дейінгі балаларды би өнеріне үйрету және балабақшада қолдануға тиімді деп санаймын.

Педагогика ғылымдарының кандидаты,

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,

«Музыка және хореография» кафедрасының доценті:

Н.Е.Мукеева

Түсінік хат

«Балақай Dance» бағдарламасы баланың дене қимылын жетілдіріп қана қоймай, оның музыканы сезінуіне, әсемдікке қызығушылығын арттыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал етеді. Музыканы зейін қойып тыңдай отырып, өз сезімдерін би арқылы жеткізу баланың эмоционалдық, рухани, дене дамуына зор ықпалын тигізеді. Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін қимыл-қозғалысты музыкамен үйлестіру, ырғақты сезіну, қарапайым би элементтерін меңгеру және сахнада өзін еркін ұстау дағдыларын қалыптастырады.

«Балақай Dance» бағдарламасы 3-5 жастағы балаларға 72 сағатқа жоспарланған. Аптасына 2 рет ортаңғы топта 15-20 минут, ересек топта 20-25 минут, мектепалды тобында 25-30 минуттан өткізіледі. Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі - 3 жыл.

Мақсаты: Балалардың музыкалық-ырғақтық қабілетін, қимыл үйлесімділігін, шығармашылық белсенділігін және эстетикалық талғамын би өнері арқылы дамыту.

Шығармашылық әлеуетін ашуға көмектесе отырып балалардың бойында жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу.

Өзектілігі: ұлттық қорымызды сақтаудың бір жолы –қазақтың бишілік өнерін насихаттау.Бағдарламаның өзектілігі жоғары адамгершілік, рухани жағынан бай адамның қалыптасуына, қоғамның әлеуметтік тәртібін енгізуді қамтамасыз ету болып табылады.

Міндеттері:

- музыканы тыңдап, оның ырғағын ажырата білуге үйрету;
- қарапайым би қимылдарын дұрыс орындауға жаттықтыру;
- дене икемділігі мен қимыл үйлесімділігін дамыту;
- кеңістікте дұрыс қозғалу дағдысын қалыптастыру;
- қазақ халқының ұлттық би өнеріне қызығушылық ояту;
- жұппен, топпен және шеңбер бойымен жұмыс істеуге үйрету;
- балалардың сахнада өзін еркін ұстауына жағдай жасау;
- шығармашылық қиялын дамыту.

Бағдарлама бойынша балалар негізгі меңгеру керек: қарапайым қимылдар, жүру, шеңбер бойымен қозғалу, қол қимылдары, жеңіл секіру және музыка ырғағын қайталайды. Қимылдардың күрделірек үйлесімдері, жұптық билер, бағыт өзгерту, айналу, ұлттық би элементтері және шағын композициялар үйренеді.

Күтілетін нәтиже:

- музыканың ырғағын сезіне алады;
- қарапайым би қимылдарын орындайды;
- қимылды музыка қарқынына сәйкестендіреді;
- шеңберде және жұппен қозғала алады;
- қарапайым би композициясын есте сақтайды;
- ұлттық би элементтерін орындайды;
- сахнада өзін еркін ұстауға дағдыланады;

Бағдарлама тақырыптары
3 жас (ортаңғы топ балалары үшін)
(Барлығы 72 сағат, аптасына 2 рет)

№	Тақырыбы	Сағат саны
	«Балакай Dance»	
1	Би туралы диалог «Сәлемдесу»	2
2	I-II-III қол қалыптары және дайындық қалпы	2
3	«Жапырақтар» би қойылымы	2
4	I-II-III қол қалыптары және дайындық қалпы	2
5	«Жапырақтар» би қойылымы	2
6	I-II-III аяқ қалыптары және VI аяқ қалпы	2
7	Арнаулы бағытта жүру «Диогональ жаттығулары»	2
8	Ырғақты би жаттығулары	2
9	«Тәтті жемістер» биі	2
10	«Сымбат және саулық» тринаж жаттығулары	2
11	«Ырғақты ойын би қимылдары» этюд жаттығулар	2
12	Ырғақты қол соғу және дүбірлі кадам «Тарелочка»	2
13	«Балдырғандар» биі	2
14	Тренаж жаттығулары	2
15	Классикалық би жаттығулары	2
17	Пор-де –бра (майысу, иілу) жаттығулары	2
18	«Ұлпақарлар» вальсі	2
19	Халық билері	2
20	Өкшелеп ұру, жаңдамалап жүру түрлері	2
21	Диогональ жаттығулары	2
22	«Канарейка» биі	2
23	«Ертегі әлеміне саяхат»	2
24	Көтеріңкі көңіл күй «Ойыншықтар» биі	2
25	Иық қимылдары	2
26	«Көңілді аңдар» полькасы	2
27	«Кніз» үйі» спецификалық қол қалпы	2
28	«Өрнекті кесе» биі	2
29	«Балапандар» биі	2
30	«Батырлар» биі	2
31	«Көкпар» би этюды	2
32	«Гүлдер» биі	2
33	«Кұстар» би этюды	2
34	«Айгөлек» биі	2
35	«Мысық пен тышқандар» би этюды	2
36	Қорытынды сабақ	2
	Барлығы	72 сағат

Бағдарлама тақырыптары
4 жас (ересек топ балалары үшін)
(Барлығы 72 сағат, аптасына 2 рет)

№	Тақырыбы	Сағат саны
	«Балақай Dance»	
1	Сәлемдесу	2
2	Көңілді би этюды	2
3	I-II-III қол қалыптары және дайындық қалпы	2
4	«Тамшылар» би қойылымы	2
5	I-II-III аяқ қалыптары және VI аяқ қалпы	2
6	Арнаулы бағытта жүру. Диагональ жаттығулар	2
7	Ырғақты би жаттығулары	2
8	«Саңырауқұлақтар» биі	2
9	«Сымбат және саулық» тренаж жаттығулары	2
10	«Ырғақты ойын би қимылдары» этюд жаттығулар	2
11	Дүбірлі қадам	2
12	«Балдыргандар» биі	2
13	«Домбыра» қимылы	2
14	«Ақшақарлар» биі	2
15	Қатарда тұрып, шеңбер жасау	2
17	«Ақылды бояулар» этюды	2
18	Халық билері Қазақ халық биінің элементтері	2
19	Өкшелеп ұру, жандамалап жүру түрлері	2
20	«Қуыршақтар» биі	2
21	«Барбарикки» биі	2
22	«Лазги» өзбек биінің элементтері	2
23	«Қояндар» биі	2
24	Иық қимылдары	2
25	«Көңілді аңдар» полькасы	2
26	«Қазақ биіндегі қол қимылдары	2
27	Халық биі «Қамажай»	2
28	«Бүлдіршіндер» этюды	2
29	Қол қимылдарына арналған этюд жаттығулары	2
30	Тренаж жаттығулары	2
31	«Гүлдер» биі	2
32	«Көңілді асықтар» би жаттығулары	2
33	«Айгөлектер» биі	2
34	Хип-хоп би өнері	2
35	Шеңбер бойымен жаттығу	2
36	«Достық» би	2
	Барлығы	72 сағат

Бағдарлама тақырыптары
5 жас (мектепалды топ балалары үшін)
(Барлығы 72 сағат, аптасына 2 рет)

№	Тақырыбы	Сағат саны
	«Балақай Dance»	
1	Сәлемдесу	2
2	Аяқтың қалыптары	2
3	Қолдың қалыптары	2
4	Сазды-ырғақты жаттығулар	2
5	«Киіз үй» би этюды	2
6	Гимнастика жаттығу	2
7	Қатарда тұрып, шеңбер жасау	2
8	Күзгі жапырақтар биі	2
9	Дені саудың – жаны сау	2
10	Аяқтың ұшымен жүргізу	2
11	Аяқтың өкшесімен жүру	2
12	Шынықсаң, шымыр боларсың	2
13	«Қошқар мүйіз» қимылы	2
14	«Кереге көз» қимылы	2
15	«Домбыра» қимылы	2
17	«Білезік» қимылы	2
18	Би элементтерімен жұмыс	2
19	«Өрнек» қимылы	2
20	Көңілді гномиктер	2
21	«Ақшақарлар» биі	2
22	Кел билейік балақай!	2
23	Диагональ бойынша жаттығу	2
24	«Қызғалдақ» қимылы	2
25	Қол қимылдарына арналған этюд жаттығулары	2
26	«Көңілді аяқтар» (ырғақты ойын жаттығулары)	2
27	Қазақ халқының би элементтері	2
28	«Ат шабыс» «Молдас құру»	2
29	Тербеледі ағаштар (майысу, иілу жаттығулары)	2
30	Қайталау	2
31	«Гүлдер» биі	2
32	«Санамақ» би жаттығулары	2
33	«Барбарика» биі	2
34	Достық биі «Бір шаңырақ астында»	2
35	Шеңбер бойымен жаттығу	2
36	«Аспазшылар» биі	2
	Барлығы	72 сағат

Бағдарлама мазмұны

1. Би туралы диалог. «Сәлемдесу» – балаларды би өнерімен таныстыру, амандасу мәдениеті, сахнадағы өзін ұстау ережелері.
2. Дайындық қалпы және I қол қалпы – денені дұрыс ұстау, қолдың бастапқы орналасуы, қарапайым қол жаттығулары.
3. II қол қалпы – қолды II қалыпта ұстау, қолдың қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру.
4. III қол қалпы – қолдың III қалпын меңгеру, қол мен дене қозғалысын үйлестіру.
5. I аяқ қалпы – аяқтың дұрыс орналасуын үйрету, тепе-теңдікті сақтау жаттығулары.
6. II аяқ қалпы – аяқтың II қалпын меңгеру, дене салмағын дұрыс бөлу.
7. III аяқ қалпы және VI аяқ қалпы – аяқ қалыптарын бекіту, аяқ пен қол қозғалыстарын үйлестіру.
8. Шеңбер бойымен жаттығу – кеңістікте бағдарлау, шеңбер бойымен қозғалу, арақашықтық сақтау.
9. Арнаулы бағытта жүру. «Диагональ жаттығулары» – диагональ бойынша жүру, қозғалыс бағытын сақтау, кеңістікті сезіну.
10. Аяқтың ұшымен жүргізу – аяқ ұшымен дұрыс жүру, дене қалпын сақтау, жеңіл қозғалысқа үйрету.
11. Аяқтың өкшесімен жүру – аяқтың өкшесімен жүру, тепе-теңдікті дамыту, аяқ бұлшықеттерін шынықтыру.
12. «Дені саудың – жаны сау» – қимыл-қозғалыс арқылы денсаулықты нығайту, дұрыс тыныс алу және дене белсенділігі.
13. «Шынықсаң, шымыр боларсың» – денені шынықтыруға арналған ырғақты қозғалыстар мен жаттығулар.
14. Ырғақты би жаттығулары – музыканың ырғағын сезіну, санау арқылы қозғалу, қарапайым би комбинацияларын орындау.
15. «Көңілді аяқтар» (ырғақты ойын жаттығулары) – аяқ қимылдарын музыка ырғағымен орындау, жылдамдық пен үйлесімділікті дамыту.
16. «Санамақ» би жаттығулары – санау арқылы ырғақты қимылдарды орындау, есте сақтау және музыкалық есту қабілетін дамыту.
17. «Ырғақты ойын би қимылдары» этюд жаттығулары – ойын элементтері арқылы би қимылдарын меңгеру.
18. Классикалық би жаттығулары – денені дұрыс ұстау, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, қарапайым классикалық элементтерді орындау.
19. «Қошқар мүйіз» қимылы – қазақ ою-өрнегінің қимылдық ерекшелігін би арқылы көрсету.
20. «Кереге көз» қимылы – қол қимылын меңгеру, қазақтың ұлттық би элементтерімен танысу.
21. «Домбыра» қимылы – домбыра тарту қимылын би пластикасы арқылы бейнелеу.

22. «Білезік» қимылы – қол мен білезіктің икемділігін дамыту, ұлттық қол қимылдарын орындау.
23. Қазақ биіндегі қол қимылдары – қазақ биіне тән қол, саусақ, білек қозғалыстарын үйрету және бекіту.
24. «Киіз үй» спецификалық қол қалпы – киіз үйдің құрылымын қимыл арқылы бейнелеу, ұлттық пластиканы қалыптастыру.
25. Қол қимылдарына арналған этюд жаттығулары – үйренген ұлттық қол қимылдарын біріктіріп, шағын этюд құрастыру.
26. «Киіз үй» би этюды – ұлттық тақырыптағы қимылдарды музыкамен байланыстырып орындау.
27. «Өрнекті кесе» биі – ұлттық тұрмыс-салт элементтерін би қимылдары арқылы бейнелеу.
28. «Ләзги» өзбек биінің элементтері – өзбек биіне тән қол, нық, дене қимылдарымен танысу, ырғақты орындау.
29. Халық биі «Қамажай» – қазақ халық биінің қарапайым қимылдарын меңгеру, ұлттық музыкалық ырғақты сезіну.
30. «Көкпар» би этюды – ұлттық ойынның қимылдық ерекшеліктерін би арқылы бейнелеу.
31. «Гүлдер» биі – гүлдің ашылуы, тербелуі сияқты табиғи қозғалыстарды би арқылы көрсету.
32. «Саңырауқұлақтар» биі – образдық қимылдарды дамыту, көңілді би композициясын орындау.
33. «Қуыршақтар» биі – қуыршақ бейнесін қимыл арқылы сомдау, пластика мен мимиканы дамыту.
34. «Барбарикки» биі – заманауи балалар биінің қарапайым қозғалыстарын меңгеру, топпен орындау.
35. «Көңілді аңдар» полькасы – аңдардың қимылдарын бейнелеу, полька ырғағымен қозғалу, жұптық және топтық үйлесімділік.
36. «Бір шаңырақ астында» – жыл бойы меңгерілген би элементтерін біріктіру, топтық композиция орындау, достық пен бірлікті би арқылы көрсету.

Пайдаланылган әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. «Билеп үйренейік» Г.А.Абдрахманова, Т.Т.Сарыбаева «Алматы кітап» 2017 ж.
2. «Ырғақтық гимнастика» Ю. Телеугалиев., Алматы 2012 ж.
3. «Ритмическая мозаика» А. И. Буренина. Программа СПб 2011 ж.

Қосымша әдебиеттер:

1. «Развитие произвольных движений» А.В. Запорожец, 2006 ж.
2. «Воспитание способностей и формирование личности» В. Э. Чудновский, «Знание» 2007 ж.
3. «Сахна және актер» М. Б. Байсерке Ана тілі 20012 ж.
4. «Музыкальное развитие ребенка» Н. А. Ветлугина «Просвещение», 2008 ж.
5. «Способности ваших детей» Н.П.Линькова., Е.А.Шумилин., «Просвещение» 2012ж.
6. «Программа музыкально-ритмического воспитания» Т.И.Калашникова.– ИГПІК №1, 2007 ж.
- 7.«Учите детей танцевать» (мектепке дейінгі ұйымдардың музыка жетекшілеріне арналған әдістемелік нұсқаулық) Республикалық «Мектепке дейінгі балалық шақ» орталығы. «Астана» 2012 ж.
- 8.«Сымбат» Ш. Жиенқұлова «Алматы» 2013ж.
9. Дүйсенбаева Р. Музыкалық ойындар мен жаттығулар- Алматы:Арман –ПВ 2016ж М., Алчевский Г.А Таблицы дыхания для певцов и их применение к развитию основных качеств голоса.-2010 ж
- 10.Подласый И.П. Педагогика.Дошкольное воспитание-Москва Владос, 2014 ж
- 11.Музыка. Нота хрестоматиясы. / Ф. Қоңыратбай, Т. Сарыбаева. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2026.
- 12.Балакшиев, Е. М. Қазақ биі сабағын музыкалық сүйемелдеуге арналған хрестоматия. – Нұр-Сұлтан: Қазақ ұлттық хореография академиясы, 2021. – 184 б.
- 13.Қазақ биі. Анықтамалық: әдістемелік нұсқаулық. / құраст. Т. О. Ізім. – Нұр-Сұлтан: Қазақ ұлттық хореография академиясы, 2021. – 60 б.